Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан
УКАЗ

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

**Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті** **Н.Назарбаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Астана, Ақорда, 2018 жылғы 12 қазан

№ 772

04025 Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2018 жылғы 12 қазандағы
№ 772 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы**
**«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты**
**Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі**
# ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **I. Халық табысының өсуі** | | | | |
| 1. | Заңнамаға:<br>2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 1,5 есе өсіруге (42 500 теңге мөлшерінде);<br>ең төменгі жалақыны ең төменгі күнкөріс шамасына байланыстыруды болдырмауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан |
| 2. | Ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерінің жалақысын өсіру | | | |
| 3. | Ірі компаниялармен жалақысы төмен қызметкерлердің жалақысын көтеру бөлігінде жұмыс жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | 2019 жылғы қаңтар |
| 4. | «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, оны 2025 жылға дейін ұзартуды және жыл сайын кемінде 30 миллиард теңгеге қосымша қаржыландыруды көздейтін, өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы тамыз |
| 5. | Тарифтердің негізсіз өсуіне жол бермеуге, табиғи монополиялар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық субъектілерінің тұтынушылар қаражатын пайдалануын бақылау мен оның ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған жедел шаралар кешенін қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы желтоқсан |
| 6. | Табиғи монополиялар туралы заңнамаға: тариф белгілеу тетігінің және тұтынушылар үшін тарифтердің негізсіз өсуі мүмкіндігіне | Қазақстан Республикасының Заңы | ҰЭМ | 2018 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | жол бермеумен, табиғи монополиялар субъектілерінің қаражатты пайдалануының ашықтығын;<br>табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық міндеттемелерін орындауын мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз етуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу | | | |
| 7. | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі заңнамаға коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың қаражатын пайдалану тетігінің ашықтығын қамтамасыз етуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | ИДМ | 2019 жылғы мамыр |
| 8. | Монополияға қарсы органның жұмысын бәсекелестікті қорғау жөніндегі функциясын күшейте отырып, оның ішінде:<br>тауар нарықтарында және көрсетілетін қызметтер нарықтарында ірі ойыншылардың баға жөнінде сөз байласуларына жол бермеу;<br>«өндіруші-тұтынушы» тізбегінен басы артық делдалдарды алып тастау;<br>нарыққа жаңа ойыншылардың кіруін шектеуге қарсы күрес және т.б. бөлігінде реформалау жөнінде ұсыныстар енгізу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан |
| 9. | 1. Экономикалық тергеу қызметін қайта ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Экономика, қаржы және т.б. салалаларда білікті кадрларға баса назар аудара отырып, кадрлар құрамын жаңарту бойынша шаралар кешенін өткізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | | 2019 жылғы шілде |
| 10. | Бизнесті қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды пайдалануда көтермелеуді қоса алғанда, экономикадағы көлеңкелі айналымды 3 жылдың ішінде кемінде 40% қысқарту бойынша шаралар кешенін бекіту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, ҰБ, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан |
| 11. | Салықтық және кедендік органдардың және т.б. ақпараттық жүйелерінің интеграциялануын аяқтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет | 2020 жылғы желтоқсан |
| 12. | 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын және орта бизнес субъектілері үшін салықтың негізгі сомасын төлеу шартымен өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығару бойынша салықтық амнистия жүргізу | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан |
| 13. | Мыналарды:<br>өтімді белсенді сауда саясатын күшейту, отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау;<br>өңірлік және әлемдік нарықтарда қазақстандық экспорттаушыларды екпінді қолдау;<br>Қазақстанға кеңінен импортталатын өнімдерді игеруге баса назар аудара отырып, халық тұтынатын отандық тауар өндірушілерді қолдауды күшейту;<br>мемлекеттік қолдау құралдарына және | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан,<br>2019 жылғы сәуір |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | осыларды ұсынатын даму институттарына түгендеу жүргізу;<br>алдағы 3 жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдауға қосымша 500 миллиард теңге бөлу жөніндегі шараларды қоса алғанда, экспортқа бағдарланған индустрияландыруға көшу | | | |
| 14. | Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын бекіту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ИДМ | 2019 жылғы желтоқсан |
| 15. | Каспий теңізі арқылы Қытайдан Еуропаға оптикалық-талшықты байланыс салу бойынша жобаны іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет | 2019 жылғы наурыз |
| 16. | Басым жобаларға қолжетімді кредит берудің тетіктерін айқындай отырып, осы міндеттерді шешу үшін кемінде 600 миллиард теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ, Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы шілде |
| 17. | Банктер мен кәсіпорындардың бөлінетін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті нысаналы пайдалануын бақылауды қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, ҰБ | 2019-2020 жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 18. | Ірі және озық жобаларды іске асыру үшін шетелдік инвесторлармен бірлесіп қаржыландыру қағидатында қызметті жүзеге асыратын шикізаттық емес секторға салынатын Тікелей инвестициялар қорын құру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет | 2019 жылғы ақпан |
| 19. | Қазақстан Республикасының туристік | Қазақстан | Үкімет, Астана, | 2019 жылғы ақпан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және қабылдау | Республикасы Үкіметінің қаулысы | Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), «Kazakh tourizm» ҰК» АҚ (келісім бойынша) | |
| 20. | Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде елге:<br>үздік басқару тәжірибесін пайдалануға және икемді әрі ыңғайлы стандарттарды енгізуге;<br>беделді шетел мамандарын тартуға;<br>ауылдық кәсіпкерлерді бизнес жүргізудің жаңа дағдыларына жаппай оқыту жүйесін жолға қоюға;<br>әлемнің жетекші аграрлық жоғары оқу орындарымен әріптестікті дамытуға;<br>агроөнеркәсіптік кешенді қолдау үшін 3 жыл бойы жыл сайын қосымша кемінде 100 миллиард теңге бөлуге бағытталған қазіргі заманғы агротехнологияларды кеңінен тарту жөніндегі шараларды іске асыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | АШМ, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан, 2019-2021 жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 21. | «Назарбаев Университеті» ДБҰ-мен бірлесіп «болашақ экономикасы» (баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, ҰҚК, «Назарбаев Университеті» ДБҰ | 2019 жылғы шілде |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқалар) бағыттары бойынша нақты жобаларды айқындай отырып, арнайы бағдарламалар әзірлеу | | (келісім бойынша) | |
| 22. | «Назарбаев Университеті» ДБҰ базасында жасанды интеллект технологияларын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын құру | «Назарбаев Университеті» ДБҰ Қамқоршылар кеңесінің шешімі | Үкімет, «Назарбаев Университеті» ДБҰ (келісім бойынша) | 2019 жылғы шілде |
| 23. | Мыналар:<br>қаржы секторы мен қарыз алушы кәсіпорындарды нақты сауықтыру;<br>инфляцияға қарсы тиімді кешенді саясат жүргізу;<br>өңдеу секторы мен шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін ұзақ мерзімді теңгемен берілетін кредиттердің нақты қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша шараларды қоса алғанда, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөнінде бірлескен іс-қимылдар жоспарын әзірлеу және бекіту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, ҰБ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы қаңтар |
| 24. | Зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесі қаражатын басқарудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ, Үкімет | 2019 жылғы қаңтар |
| 25. | Қаржы нарықтарын (бағалы қағаздар нарығы, сақтандыру және т.б.) дамыту жөнінде шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ, Үкімет, «АХҚО әкімшілігі» АҚ (келісім бойынша), «KASE» ҚҚБ» АҚ (келісім бойынша) | 2019 жылғы қаңтар |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 26. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру мен дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді перспективаға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарына бизнесті шетелдік инвестициялармен және капитал нарықтарына қолжетімділікпен қамтамасыз ету үшін орталық аланының инфрақұрылымы мен құралдарын, сондай-ақ орталық Сотының, Халықаралық төрелік орталығының юрисдикциясын пайдалануды жандандыруға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, ҰБ, «АХҚО әкімшілігі» АҚ (келісім бойынша), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша) | 2019 жылғы қаңтар |
| 27. | «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы Конституциялық заңға орталықтың елдің негізгі қаржы платформасы ретінде тез қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етуге және инвестицияларды тарту мен қорғау үшін оның юрисдикциясын пайдалануға мүмкіндік беретін түзетулер енгізу | Конституциялық заң | Үкімет, ҰБ (келісім бойынша), ЖС, «АХҚО әкімшілігі» АҚ (келісім бойынша) | 2019 жылғы маусым |
| 28. | Салықтық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын залалдың шекті мәнін, оларды жасағаны үшін айыппұлдарды ұлғайта отырып, 50 мың АЕК-ке дейін арттыру | Қазақстан Республикасының Заңы | БП, Үкімет, МҚІСҚА | 2018 жылғы желтоқсан |
| **II. Өмір сапасын арттыру** | | | | |
| 29. | 5 жыл ішінде білім, ғылым және денсаулық сақтауға шығыстарды 2024 жылға қарай ЖІӨ- | Қазақстан Республикасы | Үкімет, Астана, Алматы және | 2019 жылғы наурыз |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | ден 10%-ға дейін жеткізуді көздейтін білім және ғылымды дамытудың, денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына өзгерістер енгізу | Үкіметінің қаулылары | Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | |
| 30. | Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру бойынша шараларды, оның ішінде бірыңғай біліктілік талаптарын, ұлттық біліктілік тестін енгізуді және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілері мен басқа да қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта карауды көздейтін Жол картасын әзірлеу және бекіту | БҒМ бұйрығы | БҒМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы желтоқсан |
| 31. | Орта білімнің жаңартылған мазмұнына өту шеңберінде Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесін мемлекеттік мектептерге енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | БҒМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018-2020 жылдардағы желтоқсан |
| 32. | Білімді бағалау жүйесін халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен трансформациялау (PISA, SAT, AST және басқалары) | Президент Әкімшілігіне ақпарат | БҒМ | 2020-2022 жылдардағы желтоқсан |
| 33. | Орта білім беруде балалардың аса қажетті мамандыққа кәсіптік бағдарлануын диагностикалау және айқындау жүйесін енгізу | БҒМ бұйрығы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы желтоқсан |
| 34. | Мұғалім мен оқушыға жүктемені төмендету бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | БҒМ | 2019 жылғы маусым |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 35. | 1. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын талаптар мен стандарттарды әзірлеу. | ІІМ және БҒМ бірлескен бұйрығы | Үкімет | 2019 жылғы ақпан |
| | 2. 2020 жылғы 1 қыркүйекке мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен 100% қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2020 жылғы тамыз |
| 36. | Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, Ұлттық біліктілік тестін енгізу мен жалақыны ұлғайта отырып санатты белгілеу жөніндегі шараларды қоса алғанда, мектеп психологтарының жұмысын күшейту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, БҒМ бұйрығы | БҒМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы мамыр |
| 37. | Өңірлерде оқушы орындарының неғұрлым тапшылығы мен үш ауысымды әрі авариялық жағдайдағы мектеп проблемалары бар мектептердің тізбесін айқындау және олардың құрылысына 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге бөлу | БҒМ мен ҰЭМ бірлескен бұйрығы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы ақпан |
| 38. | «Педагогтің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау | Қазақстан Республикасының Заңы | БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2019 жылғы маусым |
| 39. | Жүйелі негізде ЖОО-ны ірілендіру және мамандықтар бөлінісінде түлектердің жұмыспен қамтылуы мен жұмысқа орналасуы рейтінгісінің негізінде олардың лицензияларының қосымшаларын кері | Президент Әкімшілігіне ақпарат | БҒМ, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019-2021 жылдардағы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | қайтару бойынша жұмысты жалғастыру | | | |
| 40. | «Назарбаев Университеті» ДБҰ тәжірибесі бойынша топ-менеджерлер ретінде шетелдік мамандарды тарта отырып, қазақстандық ЖОО-лардың әлемнің жетекші университеттерімен әріптестігін дамыту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет | 2019 жылғы желтоқсан |
| 41. | Қолда бар білім беру инфрақұрылымы базасында «Назарбаев Университеті» ДБҰ үлгісінде жаңа өңірлік ЖОО құру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет | 2019 жылғы тамыз |
| 42. | Өңірлер бөлінісінде алғашқы медициналық-санитариялық көмектің қолжетімділігін арттыру бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы ақпан, 2019-2021 жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 43. | 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қызметкерлерін ынталандыру үшін ауруды басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медициналық қызметкерлерге жалақыны 20%-ға кезең-кезеңімен өсіру | ДСМ бұйрығы | ДСМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы желтоқсан |
| 44. | 2020 жылға қарай халықтың электрондық денсаулық паспортын қалыптастыра отырып, денсаулық сақтау ұйымдарында 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап медициналық құжаттаманы қағазсыз, цифрлық түрде жүргізуге көшу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы қаңтар, желтоқсан |
| 45. | Астана қ. Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық салу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ДСМ, Астана қаласының әкімі | 2018 жылғы желтоқсан 2019-2020 |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 46. | 1. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін инфрақұрылымды дамытуды барынша қажетсінетін елді мекендерде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін олардың тізбесін, мерзімдерін және қаржыландыру көздерін айқындау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы ақпан |
| | 2. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін инфрақұрылымды дамытуды барынша қажетсінетін елді мекендерде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019-2021 жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 47. | 1. Қолда бар спорт инфрақұрылымын, әсіресе оқу орындары жанындағы спорт инфрақұрылымын, пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шаралар кешенін әзірлеу. | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | 2019 жылғы қаңтар |
| | 2. Кейбір заңнамалық актілерге орта білім беру ұйымдарына қолда бар спорт құрылыстарын жалдауға беруден түсетін қаражатты ұйымды дамытуға пайдалануға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан |
| 48. | Балалар үшін спорт кешендері мен құрылыстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету тәсілдерін тұжырымдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент | 2018 жылғы қараша |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | | | қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | |
| 49. | Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі комитет құру, тиімді зертханалық базамен және білікті мамандар штатымен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан |
| 50. | Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігіне сараптама жүргізу, сапасыз өнімдер мен оларды өндірушілердің тізбесін жариялау және т.б. бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуді қоса алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдардың әлеуетін институционалдық күшейту мен белсенді пайдалану бойынша шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы қазан |
| 51. | Халық пен тұтынушылар үшін бизнес-орта тарапынан сатылатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер қауіпсіздігі мен сапасының тиісті деңгейін қамтамасыз ету бойынша шаралар тұжырымдау (халықаралық тәжірибені ескере отырып) | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан |
| | **III. Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру** | | | |
| 52. | Әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтердің тізбесі мен қолжетімділігінің, көлік, мәдени-спорт, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен және т.б. | орталық мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, | 2019 жылғы наурыз |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | қамтамасыз етілуінің нақты көрсеткіштерін қамтитын, тірек ауылдардан бастап республикалық маңызы бар қалаларға дейін әртүрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу | | облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | |
| 53. | Жергілікті бюджеттен білікті педагогтар, дәрігерлер, полиция және басқа да сұранысқа ие мамандар үшін «7-20-25» Бағдарламасы шеңберінде жеңілдікті ипотека бойынша бастапқы жарналарды жартылай субсидиялаудың өңірлерде тетіктерін әзірлеу және іске қосу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, ҰБ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | 2018 жылғы қараша |
| 54. | «7-20-25» Бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру, оның ішінде банктердің оны іске асыруға белсенді қатысуы мен халық арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу есебінен қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ҰБ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы қараша, 2019 жылғы шілде |
| 55. | Экологиялық заңнаманың бұзылуына әкеп соғатын әкімшілік санкциялардың мөлшерін ұлғайту, экологиялық тексерулер жүргізу тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдерден түсетін қаражатты тиісті өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға байланысты мәселелерге бағыттау нормативін белгілеу бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы маусым, желтоқсан |
| 56. | Қоғамдық кеңістіктерді, парктерді, скверлерді және т.б., оның ішінде бұқаралық спортпен | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ИДМ, Астана, Алматы және Шымкент | 2019 жылғы наурыз |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | және дене шынықтырумен айналысу үшін абаттандыру бойынша шаралар кешенін қабылдау | | қалаларының, облыстардың әкімдері | |
| 57. | Әрбір өңірде аса өткір экологиялық проблемаларды шешу бойынша шараларды жұртшылықпен бірлесіп әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ еркін онлайн-қолжетімділікпен экологиялық мониторинг жүйелерін дамыту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | 2019-2021 жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 58. | Елдің басқарылатын урбандалуының жаңа картасы болатын Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы | ҰЭМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), ұлттық басқарушы холдингтері, ұлттық компаниялар, ұлттық холдингтер | 2019 жылғы тамыз |
| 59. | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеу мен қабылдау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы қараша |
| 60. | Инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік | Қазақстан Республикасы | ИДМ, Астана, Алматы және Шымкент | 2019 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | бағдарламасын әзірлеу | Үкіметінің қаулысы | қалаларының, облыстардың әкімдері | |
| 61. | Өңірлік даму аспектілерін ескере отырып, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру, тұрғын үй қорын жаңғырту мәселелерін біріктіріп, іске асыру мерзімі 2025 жылға дейінгі халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін ірі қалаларда жалға берілетін тұрғын үй құрылысын ұлғайтуды көздей отырып, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ИДМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы желтоқсан |
| 62. | Елді мекендерде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін «кедергісіз орта» құру, оның ішінде осы мәселенің шешілуіне қоғамдық бақылауды күшейту бойынша шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ИДМ, Еңбекмині, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша) | 2018-2020 жылдардағы желтоқсан |
| 63. | Өңірлердегі аса өзекті инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін қалыптастыру, жобаларды және оларды қаржыландыру көздерін бағалау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан |
| 64. | Президент Әкімшілігімен келісім бойынша | Қазақстан | Үкімет, Астана, | 2018 жылғы қараша |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын қабылдау, оның ішінде мына шараларды көздеу:<br>Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің штат санын оңтайландыру және полицияны оларға тән емес функциялардан босату, босатылған қаражатты полицейлердің жалақысын арттыруға, олардың тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттау;<br>полицейдің жаңа стандартын бекіту;<br>мансаптық ілгерілеу жүйесін өзгерту;<br>полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау және іріктеуді өзгерту;<br>полиция қызметкерлерін қайта аттестаттауды жүргізу;<br>халықпен жұмыс істеудің заманауи форматын енгізе отырып, полиция жұмысын сервистік модельге көшіру;<br>қоғам тарапынан сенім деңгейі мен халықтың қауіпсіздік сезімін түйінді параметрлеріне енгізе отырып, полицияны бағалау өлшемшарттарын түбегейлі өзгерту;<br>халыққа қызмет көрсету орталығы қағидаты бойынша азаматтарды қабылдау үшін қолайлы жағдай жасау;<br>ведомстволық білім беру жүйесін оңтайландыру;<br>қылмыстық-атқару жүйесін жаңғырту;<br>халықпен тікелей байланысатын полиция | Республикасы Үкіметінің қаулысы | Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерінің бейнетіркегішсіз жұмыс істеуіне жол бермеу, жазбаны өшіріп тастау немесе оны тиісті деректер базасынан алып тастау мүмкіндігін болдырмау;<br>ішкі қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру, асыра пайдаланушылықтың жолын кесу және қызметтік борышын адал орындайтын қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз ету | | | |
| 65. | Құқық қорғау органдарының белгілі бір статистикалық көрсеткіштерге қылмысқа қарсы нақты күреске және қоғамдық тәртіпті қорғауға нұқсан келтіре отырып қол жеткізетін жағдайларды болдырмауға бағытталған құқықтық статистика жүйесін жетілдіру бойынша шаралар тұжырымдау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | БП, ІІМ, МҚІСҚА, Қаржымині, ЖС | 2018 жылғы желтоқсан |
| 66. | Құқық қорғау қызметінде іріктеу, даярлау және мансаптық ілгерілеу тәртібін жетілдіру | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | БП, МҚІСҚА, ІІМ, Қаржымині, БҒМ | 2019 жылғы қаңтар |
| 67. | Қалаларды қоғамдық қауіпсіздік мониторингі жүйелерімен қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | ІІМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы маусым, желтоқсан |
| 68. | Сот жүктемесін төмендету бойынша шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЖС, БП, Әділетмині, ҰБ, Қаржымині, ҰЭМ | 2018 жылғы қазан |
| 69. | Мыналарға:<br>сот жүйесі кадрларын сапалы дамытуға және жаңартуға; | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЖСК, ЖС | 2018 жылғы қараша |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | судьялардың тәуелсіздігі кепілдіктерін күшейтуге;<br>судьяларға құқыққа қайшы ықпал етуді болдырмауға бағытталған заң жобасын әзірлеу | | | |
| 70. | Соттар жұмысының заманауи форматтарын енгізуге, артық сот рәсімдері мен шығасыларды қысқартуға бағытталған заң жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЖС, БП, Әділетмині, АКМ, ҰЭМ, Қаржымині | 2018 жылғы желтоқсан |
| 71. | Жоғары Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру, оның ішінде материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шаралар тұжырымдау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | ЖСК, Үкімет | 2018 жылғы қараша |
| 72. | Соттар мен судьяларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша шаралар тұжырымдау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | ЖС, ЖСК, Үкімет | 2018 жылғы қараша |
| | **IV. Азаматтардың қажеттілігіне бағдарланған мемлекеттік аппарат** | | | |
| 73. | Мемлекеттік органдардың халықпен тиімді өзара байланысы тетіктерін енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, МҚІСҚА, ЖС, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша) | 2019 жылғы ақпан |
| 74. | Орталықтан бақылау тетігін енгізу және мемлекеттік органдардың баспасөз қызметтерін ықтимал резонансты фактілерді | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, МҚІСҚА, ЖС, БП, Астана, Алматы, Шымкент | 2019 жылғы ақпан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | алдын ала анықтауға, оларды тексеруге бағдарлау және қоғамға тиісті ақпаратты, оның ішінде аталған фактілер расталған жағдайда қабылданған шаралар туралы ақпаратты жеткізуге бағдарлау | | қалаларының және облыстардың әкімдері | |
| 75. | «Жаңа формациядағы басшы» бағдарламасын енгізу тетігін және басшы лауазымдарға тағайындаған кезде арнайы қайта даярлау курстарын әзірлеу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | МҚІСҚА, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (келісім бойынша), «Назарбаев Университет» ДБҰ (келісім бойынша) | 2018 жылғы қараша |
| 76. | Мемлекеттік қызметке жеке сектордан, оның ішінде үздік шетелдік компанияларда жұмыс тәжірибесі бар немесе әлемнің жетекші университеттерінде білім алған кәсіби мамандарды тарту тетігін енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | МҚІСҚА, Үкімет | 2019 жылғы желтоқсан |
| 77. | Мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражатты, оның ішінде ведомстволық бағынысты ұйымдардың шығыстарын оңтайландыру және үнемдеу есебінен ғана, сондай-ақ мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі өсуінің нақты көрсеткіштерін айқындай отырып, мемлекеттік органдардың факторлы-балл | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері | 2018 жылғы желтоқсан, 2019 жылғы шілде, желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | шкаласын енгізу аясында мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу шығындары өсуінің қамтамасыз етілуін бақылау | | | |
| 78. | Формализм мен теңестіруге жол бермеу мақсатында, қызметкерлерге бонустар беру кезінде пайдаланылатын түйінді нәтижелілік көрсеткіштерінің сапасын бақылаудың тиімді тетігін енгізу бойынша ұсыныстар енгізу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, МҚІСҚА | 2019 жылғы қараша |
| 79. | Мемлекеттік органдарды базалық қамтумен байланысты емес шығыстардың болмауына немесе елеулі еместігіне байланысты өз бюджеттерін оңтайландыруға немесе үнемдеуге мүмкіндігі жоқ осы мемлекеттік органдарға арналған еңбекақы төлеудің жаңа моделіне көшуді қаржыландыру көздері бойынша ұсыныстар енгізу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, МҚІСҚА | 2018 жылғы желтоқсан |
| 80. | Қаржылық тәртіпті күшейту және бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтерді пайдаланудың тиімділігін арттыру, оның ішінде тиімсіз және орынсыз шығыстарды болдырмау, сондай-ақ қаражаттың бөлінуін өмір сүру сапасы, әлеуметтік, көліктік және инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымның негізгі көрсеткіштері бойынша өңірлік айырмашылықтардың талдауымен байланыстыру үшін бюджеттік өтінімдердің сараптамасын күшейту бойынша кешенді шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, ЕК | 2018 жылғы желтоқсан |
| 81. | Ақпараттың ашықтығын және халық пен | Президент Әкімшілігіне | Үкімет, | 2019 жылғы |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | бизнестің оған толық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Жер қоры және жылжымайтын мүлік объектілері туралы деректердің бірыңғай ұлттық базасын құру | ақпарат | Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | шілде |
| 82. | Жерді уақтылы игеруге және мақсатты пайдалану бөлігінде жер заңнамасын қолдануға тексеру жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | БП | 2019 жылғы шілде |
| 83. | Жер пайдаланушыларды жер учаскелерін ұтымды және тиімді пайдалануға ынталандыратын жүйелі шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы желтоқсан |
| 84. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді 2019 жылы 80%-ға дейін, ал 2020 жылы 90%-ға дейін электрондық форматқа көшіруді қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019-2020 жылдардағы маусым, желтоқсан |
| 85. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мақсатында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2019 жылғы сәуір |
| 86. | Бағынысындағы адамдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде бірінші басшылардың тәртіптік жауапкершілігін арттыру мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | МҚІСҚА, БП, ЖС, Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан |
| 87. | Астана қаласының «Сыбайлас жемқорлықсыз өңірлер» жобасы шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі тәжірибесін тарату | Президент Әкімшілігіне ақпарат | МҚІСҚА, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, | 2019 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | | | облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | |
| 88. | Мыналар бойынша шаралар қабылдау:<br>отырыстар мен кеңестер санын қысқарту, құжат айналымын азайтуға, икемді жұмыс кестесін құруға және т.б. бағытталған мемлекеттік қызметшілердің тиімді еңбек күні тәртібін белгілеу;<br>еңбек заңнамасын қатаң ұстану, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді жұмыс уақыты аяқталған соң жұмыс орнында ұстау, қызметкерлердің демалыс күндері жұмысқа шығу практикасын тоқтату | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, МҚІСҚА, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы қараша |
| 89. | Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жаңғырту жөніндегі ұлттық комитет құру арқылы стратегиялық реформалардың іске асырылу барысына бақылауды күшейту | Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі | 2018 жылғы қазан |
| 90. | Нақты индикаторларды айқындауды, жол карталарын және өңірлік жоспарларды бекітуді, халық пен бизнеске жүйелі түрде сауал жүргізуді қамтитын стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың іске асырылуын мониторингтеу, институционалдық реформалар жүргізу жүйесін әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бұйрығы, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі | 2018 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | | актілері | | |
| **V. Тиімді сыртқы саясат** | | | | |
| 91. | Прагматизм қағидаттарымен ұлттық мүдделерді жылжыту, оның ішінде:<br>Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялауды қамтамасыз ету;<br>Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының тұрақты емес мүше ретіндегі жұмыс қорытындысын шығару | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар | 2019-2020 жылдардағы маусым, желтоқсан |
| **VI. Әрбір қазақстандықтың елдегі қайта құру процестеріне қатыстылығы** | | | | |
| 92. | «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан |
| 93. | Қазақстан Республикасы Президентінің «Жастар жылын өткізу туралы» Жарлығының жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы | Үкімет, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | 2018 жылғы қараша |
| 94. | Жастар жылын өткізу бойынша, оның ішінде барлық санаттағы жастарды қолдаудың толық шаралар кешенін қамтитын әлеуметтік | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент | 2018 жылғы желтоқсан |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| | сатылардың кең платформасын құруды көздейтін жол картасын әзірлеу және Президент Әкімшілігімен келісім бойынша бекіту | | қалаларының әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша) | |
| 95. | «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы шеңберінде ауылдық жерлерде тиімді еңбек ету идеологиясын орнықтыру мен ілгерілетуді көздейтін «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын іске қосу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша) | 2018 жылғы желтоқсан |
| 96. | Мемлекет басшысының қоғамдық мәні бар бастамаларын жүйелі және уақтылы ақпараттық ілгерілетуді (оның ішінде ақпаратты ұсынудың жаңа тәсілдері мен форматтарын пайдалана отырып) қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша) | 2018 жылғы қараша, 2019-2020 жылдардағы шілде, желтоқсан |
| 97. | Оқушылар мен жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені, оның ішінде «Жас сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қоғамдық қозғалысының өңірлік филиалдарын құру арқылы күшейту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, ҚХА (келісім бойынша) | 2019 жылғы наурыз |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 98. | Елдің өңірлері бойынша «Өз жеріңді танып, біл» атты жаппай мектеп туризмін жандандыру бойынша шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша), ҚХА (келісім бойынша) | 2018-2020 жылдардағы желтоқсан |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

| | |
|---|---|
| АЕК | – айлық есеп көрсеткіші |
| АКМ | – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі |
| «АХҚО» әкімшілігі» АҚ | – «Астана халықаралық қаржы орталығы» әкімшілігі» акционерлік қоғамы |
| «Атамекен» ҰКП | – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| АШМ | – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| Әділетмині | – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі |
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы |
| БҒМ | – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| БП | – Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы |
| ДСМ | – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| Еңбекмині | – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| ЕК | – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті |
| ЖС | – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты |
| ЖІӨ | – жалпы ішкі өнім |
| ЖОО | – жоғары оқу орындары |
| ЖСК | – Жоғары Сот Кеңесі |
| ИДМ | – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі |
| ҚХА | – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы |
| «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ | – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы |
| «ҚҚБ «KASE» АҚ | – «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы |

| | |
|---|---|
| Қаржымині | – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| «Kazakh tourizm» ҰК» АҚ | – «Kazakh tourizm» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы |
| МҚІСҚА | – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі |
| «Назарбаев Университет» ДБҰ | – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ | – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| СІМ | – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| Үкімет | – Қазақстан Республикасының Үкіметі |
| ҰБ | – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| ҰҚК | – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті |
| ҰЭМ | – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі |
| ІІМ | – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |

**Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелеріне бекіту**

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Орындалуын бақылау |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | **I. Халық табысының өсуі** | | | | |
| 1. | Заңнамаға:<br>2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 1,5 есе өсіруге (42 500 теңге мөлшерінде);<br>ең төменгі жалақыны ең төменгі күнкөріс шамасына байланыстыруды болдырмауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасының Заңы | Үкімет | 2018 жылғы желтоқсан | ӘЭМБ |
| 2. | Ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын өсіру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері | 2018 жылғы желтоқсан | ӘЭМБ, МБҰАЖБ |
| 3. | Ірі компаниялармен жалақысы төмен қызметкерлердің жалақысын көтеру бөлігінде жұмыс жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың | 2019 жылғы қаңтар | МБҰАЖБ, ӘЭМБ |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әкімдері, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), «Нұр Отан» партиясы (келісім бойынша) | | |
| 4. | «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, оны 2025 жылға дейін ұзартуды және жыл сайын кемінде 30 миллиард теңгеге қосымша қаржыландыруды көздейтін, өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Үкімет, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдері, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2019 жылғы тамыз | ӘЭМБ |
